

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТЕ¹
ИСЛАМ ІЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТИ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ

«БЕКІТЕМІН»
Қабылдау комиссиясының
төрағасы, проректор
Курманбаев К.
« 6 » 8.3.2023 ж.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ
6B02201-«Исламтану» 4 жылдық білім беру бағдарламасы бойынша

Алматы, 2023

Шығармашылық емтихан бағдарламасы Исламтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Исламтану кафедрасы мәжілісінде талқыланды.

Хаттама №_8_«_10_»_03_2023ж.

Кафедра менгерушісі



Н.С. Анарбаев

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті «6B02201 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы шығармашылық емтихандарды өткізу қағидалары (бұдан әрі - шығармашылық емтихан) Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде шығармашылық даярлықты талап ететін Исламтану мамандығына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.
2. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді менгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.
3. Шығармашылық емтихандарды Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған пәндік комиссиясы өткізеді.
4. Әрбір мамандық бойынша шығармашылық емтиханның саны екіге тең.
5. Мамандық бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оқу орнымен дербес анықталады.
6. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Нұр-Мұбәрак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітіletтін пәндік комиссиялар құрылады.
7. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннін атауы, күні, уақыты және өткізіletтін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының тәрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.
8. Нұр-Мұбәрак ЕИМУ өткіzetтін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады. Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, әр пәннен 5 балл олардың сәтті өткенін растайтын ең төменгі балл саны - 15 балл.
9. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан кем алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді. Университетке қабылдану үшін талапкер кемінде 60 балл жинауға міндетті, оның ішінде 1-блоктағы жеке пәндерден кемінде 5 балл, әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған ҰБТ қатысушылар қабылданады.
10. Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаты бар, қайта кешенді тестілеу нәтижесі бойынша шекті балды алмаған адамдар құндізгі оқу нысаны бойынша бірінші академиялық кезең мерзімі аяқталғанға дейін ақылы негізде шартты студент ретінде қабылданады.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

1. Шығармашылық емтихандар өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтиханды

өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.

3. Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын жіберіледі.

4. Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын күәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

5. Шығармашылық; емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобиЛЬДІ байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.

6. Шығармашылық емтихандар тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкүндік жасалады.

7. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлерге және оны өткізу үшін тартылған жоғары оқу орнының қызметкерлеріне өзімен бірге байланыс және электрондық-есептеу техникаларын алуға және пайдалануға тыйым салынады.

8. Шығармашылық емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге ұсынылған тәртіппер түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және аппеляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

9. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

- емтихан алушының көрсеткен орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- шығармашылық емтиханның аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

10. Осы қағидаларды бұзған жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады.

Талапкер дәлелді себептермен емтиханға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол шығармашылық емтиханды жазбаша өтініші мен шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептерін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шенберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

11. Шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);
 - төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады).
12. Дәлелді себептер бойынша шығармашылық емтиханға келмеген тұлғалар оған шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күні жіберіледі.
13. Дәлелсіз себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.
14. Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
15. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.
16. Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.
17. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары еркін нысандағы бағалау ведомосымен және пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді.
18. Шығармашылық емтиханның қорытындысы ведомостпен және пәндік комиссияның хаттамасымен ресімделеді.
19. Емтихан алушымен сарапталған жоғары және тәмен балл жинаған және 5% қалған жұмыстарын пәндік комиссияның төрағасы емтихан жұмыстарын қосымша тексереді.
20. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.
21. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін келесі күні хабарланады.
22. Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихандар тапсырушы тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.
23. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Нұр-Мұбарат ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітіледі.
24. Апелляцияға өтінімді апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.
25. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіpte жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі апелляцияға қарастырылмайды.

26. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиясының жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

27. Шығармашылық мамандықтарға түсетін тұлғалар тестілеудің екі пәнінің ұпайы есептеледі: оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы.

Ислам негіздері бойынша ауызша емтиханға арналған сұрақтар:

1. Иман және иманның түрлері жайлы әнгімеленіз?
2. Иман мен амал жайлы не білесіз?
3. Амал мен иманның айырмалығы?
4. Иманның артып-кему мәселесі
5. Ислам мен иман сөзінің ұғымы?
6. Тыйым салынған үлкен күнә істеудің үкімі қандай?
7. Мұмін дегеніміз кім? Мұмін мен мұсылман деген сөзде айырмашылық бар ма?
8. Кәпір және күпірліктің түрлері
9. Мұшірік деп кімді айтамыз? Серік қосудың қандай түрлері бар?
10. Мунафік сөзінің мағынасын және сипаттарын атаңыз?
11. Фасық адам деп - қандай адамды айтамыз? Шариат бойынша фасық әрекеттің қандай дәрежелері бар?
- 12.Исра мен Миғраж оқиғасының қандай айырмашылығы бар?
- 13.Алланың сипаттары Матуридилерде нешеге бөлінеді?
14. Алланың бар және бір екендігіне діни дәлелдер келтірініз?
- 15.Алланың сипаттары жайлы әнгімеленіз
- 16.Алланың құдыреті деген сипаттары жайлы әнгімеленіз
17. Ақида пәні және оның негізгі ұғымдары.
- 18.Ақида дегеніміз не?
- 19.Ақида ғылыминың маңыздылығы.
20. Періштер турасында баяндаңыз.
21. Алланың «жалғыз» сипаты жайлы әнгімеленіз?
22. Жәннattta мұміндердің Алланы көруі?
23. Сенімге қатысты қандай қазақ тілінде кітап оқыдыңыз?
24. Періштерге сенудің маңыздылығы
25. Періштердің қызметтері жайлы әнгімеленіз
26. Қасиетті кітаптар қандай және оларға сенудің маңыздылығы
27. Құранның түсіү және жазылуы жайында не білесіз?
28. Құранның басқа Иләһи кітаптардан айырмашылығы қандай?
29. Пайғамбарлар (ғ.с) хақына жалған сөйлеудің үкімі қандай?
30. Пайғамбарларға иман етудің маңыздылығы қандай?

31. Пайғамбарларға тән сипаттар қандай?
32. Құранда аталған пайғамбарлар санын және есімдерін атаңыз?
33. Пайғамбарлардың дәрежелерін атаңыз?
34. Мұғжиза дегеніміз не?
35. Хз. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мұғжизалары туралы әңгімеленіз?
36. Әулиелік және карамат дегеніміз не?
37. Уахи және оның келу жолдары
38. Ақырет күніне иман және оның маңыздылығы
39. Қиямет-қайым және оның уақыты туралы
40. Қияметтің белгілері жайлыш әңгімеленіз
41. Әхлү-сұннетте қабір азабын мойындаған адамға қандай үкім береді?
42. Елшілер мен пайғамбарлар (ғ.с) жайлыш әңгімеленіз
43. Миғраж оқиғасын мойындаған адамның үкімі қандай?
44. Өлімнен кейін қайта тірілуге сенбекен адамның үкімі?
45. Ақыретте болатын жағдайларды атаңыз?
46. Тағдырға иман келтіру, жақсылық пен жамандық бір Алладан екендігіне сену мәселесі
47. Қанша Пайғамбарды білесіз?
- 48.Пайғамбарлар (ғ.с) сипаттар нешеу және дәлелімен атап көрсетіңіз?
49. Алла Тағала бар екеніне қандай дәлел бар?
50. Ақыреттегі амалдардың өлшенуі, таразы жайлыш әңгімеленіз
51. Имам Әбу Ханифа және оның ақыдалық еңбектері
52. Адамға міндетtelген бес парызды ретімен орындау жайлыш әңгімелесеңіз
53. Әхлі-сұннет уә әл-жамағат дегеніміз кімдер.
- 54.Парыз намазда фатиха оқудың үкімі?
- 55.Намазда «Тәшәһүд» дұғасын оқудың үкімі?
- 56.Сапардағы адам үшін мәсіге мәсіх тарту мерзімі қанша?
57. Намаздың бір уәжібін тәрк еткен жағдайда намаз бұзыла ма?
- 58.Намазда өзге естітіндей етіп күлудің үкімі?
- 59.Намаздың парыздығын мойындаған, орындаған адамның үкімі?
- 60.Денеден қан ақса, дәрет бұзылады ма?
- 61.Мәкруғ дегеніміз не?
- 62.Дәретке ниет ету қаншалықты маңызды
- 63.Ер кісінің әуреті
- 64.Намазда жаттаған сүреге қарап оқудың үкімі
- 65.Намазда ноқат көлеміндей тамақ қалдығын жүту үкімі?
- 66.Ғұсылдың сұннеттері?
67. Таяммум қандай жағдайда алынады?
- 68.Мәйтке ғұсыл құйындыру үкімі?
- 69.Ғұсылдың рукіндерін атаңыз.
- 70.Парыз кифая деген не?

71. Рамазан оразасы жайлыштың әнгімеленіз
72. Қаза оразаға ниет етудің уақыты
73. Исламда зекеттің мәні және кімдерге беріледі
74. Қажылық жайлыштың әнгімеленіз
75. Иғтикағ ғибадаты туралы айтып беріңіз?
76. Жұма намазы және ол кімдерге міндет
77. Ораза айт жайлыштың не білесіз
78. Мәсіге мәсіх тартудың шарттарын айтыңыз?
79. Үтір намазы жайлыштың әнгімеленіз
80. Нәпіл және парыз оразаның ниеті
81. Ораза тұтуға кедергі болатын нәрселер?
82. Құн батты деп білместіктен ауыз ашудың үкімі
83. Ораза тұтпағанға тарауих намазын оқудың үкімі?
84. Құрбан айтта ораза тұтудың үкімі қандай?
85. Каффарат өтеуде реттілікті сақтаудың үкімі қандай?
86. Еріксіз құсқан адамның оразасы бұзылады ма?
87. Намазды жамағатпен оқудың үкімі?
88. Сәху сәждесі қандай жағдайда жасалады?
89. Тіләуэт сәждесін түсіндіріңіз?
90. Жаназа намазының мәні мен маңызы
91. Оразаның парыздығына қандай дәлелдер бар
92. Қайғылы үйге көніл айтудың үкімі?
93. Ораза каффараты деген де?
94. Оразаны не нәрсе бұзады?
95. Фатиха сұресін оқып беріңіз.
96. ҮІхлас сұресін оқып беріңіз.
97. Асыр сұресін оқып беріңіз.
98. Кәусәр сұресін оқып беріңіз.
99. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) анасының аты кім? Әкесінің атын атаңыз.
100. Періштелерді атап беріңіз.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттір:

1. Н.Анарбаев, Е. Қарақұлов, «Ислам ғылымхалы», Алматы: Дәуір, 2011 ж.
2. Р.Мухитдинов, «Фикір әл-ғибадат», Алматы: Кәусар, 2013 ж.
3. Е.Ақатаев, «Ислам ғибадаты», I том, Алматы: Дәуір, 2012 ж
4. Қ.Жолдыбайұлы, М.Иса, «Ислам ғылымхалы», Алматы: 2010 ж.
5. Х.Өзтүрік, «Дәлел дәйектерімен Ислам Ғылымхалы» Алматы: Хикмет, 2010 ж.

6. И.Сейітбеков, Иман негіздері, А., 2010
7. F.Есім, Артемев, Дінтану негіздері, А., қазак/орыс тілдерінде
8. Қ.Сейтұлы, Перштепелерге иман, А, 2010
9. Ш. Әділбаева, Сұннет салтымыз, хадис ғұрыпымыз, А., 2009 ж.
10. Сейтұлы Қалмахан. Пайғамбарларға иман. – Алматы: «Көкжие-Б», 2010.
11. Дербісәлі Әбсаттар. Қасиетті Құран. – Алматы, 2010.
12. Малғажыұлы Ержан. Таным тұғыры («Тахаяи ақидасына» түсініктемелер негізінде) – Алматы: «Гибрат», 2013.

Қосымша:

1. А. Әділбаев, Ш. Әділбаева, Имам Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы, А., 2011
2. Ислам историографический очерк, М.,
3. М. Исаұлы, Құран кімнің сөзі, А., 2006
4. Сейтбеков И., Нысанбаев С., Ислам тарихы, Шымкент,
5. Мец А., Мусульманский ренессанс М.,
6. Негізгі діни мағлұматтар, (Ауд., құр. Х. Өзтүрк, Б. Мансұров) А., 2008
7. Т. Тұгелұлы, Б. Тұрғанбекұлы, Мәзhab туралы таным, А., 2011
8. А. Әділбаев, Қасиетті мәуліт, А., 2006
9. М. Исахан. Мазхаптар тарихы (саяи, сенімдік, фықтық негіздер бойынша), Алматы, 2006.
10. Ризабек Батталұлы. Ақида сабактары. – Алматы: «Siyauш», 2011.
11. F.Есім, А.Артемьев, С.Қанаев, Г.Біләлова. Дінтану негіздері. – Алматы: «Білім», 2007.